**3-апта (11.10-15.10.2021 жыл)**
**№9 «Балдырған» кіші топ**

**Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»**
**Апталық тақырып: "Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік"**
**Мақсаты:** Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру,тақырып жайында ұғымдарын кеңейту, өздерінің тұратын көшелері туралы әңгімелету сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын байыту, отбасында үлкендерді сыйлап , кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу, балабақша мен үйде мінез-құлық қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру, туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту.
**Міндеттері:**
-отбасы туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру;
- отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу;
- көргендерін суреттеп беруге дағдыландыру арқылы сөйлем құрап айтуға бейімдеу.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 11.10.2021 | Сейсенбі 12.10.2021 | Сәрсенбі 13.10.2021 | Бейсенбі 14.10.2021 | Жұма 15.10.2021 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен амандасу. Балалардың дене қызуын өлшеп, тазалықтары мен денсаулықтарын тексеру. Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу. Табиғат бұрышында әңгімелесу. Балалармен күнделікті таңертеңгі жұмыстар жүргізу. | | | | |
| **Ата – аналармен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен амандасу. Балаларды алып келгенде және алып кеткенде маска тағуларын сұрау. Балаларды уақытылы алып кетуін өтіну. Кешікпей келулерін сұрау. | | | | |
| **Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)** | **Үстел үсті ойыны. "Құрылыс ойындарын ойнаймыз".** **Мақсаты:** Құрылыс ойыншықтарымен таныстыру.Түстерін айтқызу. | **Саусақ ойыны: "Кірпі" жаттығуы.** Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектерін жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарай ма? | **Қимылдық ойын: "Гүлдер мен көбелектер".** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. | **Дидактикалық ойын: "Қандай маман иесі?".** **Мақсаты:** мамандық иелерін ажырата білуді үйрету. | **Саусақ ойыны: "Достық" жаттығуы.** Біздің топта қыздар мен ұлдар өзара дос.(екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) 1,2,3,4,5. (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңертеңгілік жаттығу кешені "Гүлдермен"** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | Дұрыс отырып , сөйлемей ұқыпты тамақтануға үйрету. Тамақты төкпей, ұқыпты ішуге, тамақтанып болған соң, алғыс айтуға үйрету. | | | | |
| **Ұйымдастырыған оқу – қызметіне дайындық** | **Дидактикалық ойын: "Бұл кім?".** **Мақсаты:** Балалардың мамандық иелерін атап, айтып бере білулеріне үйрету. | **Дидактикалық ойын: "Тазалыққа не қажет?".** **Мақсаты:** Балаларды тазалық құралдарымен таныстырып, олардың әрқайсыларының неге қажет екендігін түсіндіру. | **Қимылды ойын: "Дыбыс қай жерден шығады?".** **Мақсаты:** Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдап, ептілікке, кеңістікті бағдарлауға үйрету. | **Дидактикалық ойын: "Затты ал".** **Мақсаты:** Балаларға тапсырманы тез әрі дұрыс орындауды үйрету. | **Дидактикалық ойын: "Адамдардың киімдерін бақылау".** **Мақсаты:** Балалардың назарын адамдардың киімдеріне аудару, сөйлеулерін дамыту. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **1."Таным"** **Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Абайла, балақай!»** **Мақсаты:** Балаларды бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін меңгерту, түстерді ажырата білуге үйрету. Баланы мұқият болуға тәрбиелеу. **"Шығармашылық"** **Жапсыру** **Тақырыбы: «Бағдаршам»** **Мақсаты:** Қиылған кесінділерді тәрбиешінің нұсқауымен түстеріне қарай, түстердің үйлесімділігін сақтай отырып орналастыруға және ұқыпты жімыс | 1."Шығармашылық" Музыка Тақырыбы: **«Машина»** К.Қуатбаев **Мақсаты:** Балалардың есту қабілетін дамыту. Музыка әуенімен үй жануарларының қимылдарын байланыстыра қимыл жасауға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Полька» қосарлана билеу. **2."Денсаулық"** **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Сызықты басып кетпе»** **Мақсаты:** Балаларды қатарда жұппен жүруге,нұсқаушының нұсқауымен тапсырмаларды | **1."Қатынас"** **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Қуыршақ қонаққа келді» (ыдыстардың қауіпсіздігі)** **Мақсаты:** Ыдыстарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпті заттар мен қауіпсіз жағдайлармен таныстыру және олардансақтана білуге үйрету, балаларды байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. **"Шығармашылық"** **Сурет салу** **Тақырыбы: «Көше шамдары» (саусақпен сурет салу)** **Мақсаты:** Балаларды саусақпен сурет салуға үйрету, қызыл қағаз | **1."Денсаулық"** **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Ирек жолмен жүру»** **Мақсаты:** Үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпті заттармен, қауіпсіздік жағдайлармен таныстыру. Шектелген жолдар бойымен жүруге үйрету. Басқа балалармен бірге бірлесіп қимылдар орындау дағдыларын қалыптастыру. | **1."Денсаулық"** **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Аяқ іздерін басып, құлап кетпей жүру»** **Мақсаты:** Балалардың қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін кеңейту.Машамен бірге серуендей отырып, қыл көпірден еңбектеу.Аяқ іздерді басып, құлап кетпей жүру. **2."Таным"** **Сенсорика** **Тақырыбы: «Қуыршақ Айгүл қонақ күтуде»** **Мақсаты:** Балалар назарын заттардың өлшеміне аудару, оларда өлшем айырмашылығы мен ұқсастықты орнатудың қарапайым тәсілдерін қалыптастыру: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасауға үйрету.<br>**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, бағдаршаммен таныстыру, сұрақ-жауап, қорытындылау, мадақтау.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** тақырыпқа байланысты суреттер | орындауға үйрету, доғаның астымен төрттағандап жүру,шағын жерде жүруде тепе – тендікті сақтау дағдыларын жетілдіру. | бетіне бірқалыпты таңба сияқты бояуды жағу арқылы сурет салуға деген қызығушылығын, жақсы көзқарасын дамыту.<br>**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, ыдыстардың қауіпсіздігін айту, саусақпен жұмыс жасау, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** тақырыпқа байланысты суреттер | | «үлкен», «кішкентай» сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету.<br>**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, ұқсас айырмашылықтарын табу, сұрақ-жауап, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** тақырыпқа байланысты суреттер |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз беттерімен реттілікпен киіне білулеріне дағдыландыру. Киімдерінің түймелерін дұрыс түймелеуге, аяқ киімдерін оң киіп, бауларын байлауға, ұқыпты киінуге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **1. Бақылау: Күз көріністерін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Күз туралы білімдерін молайту.<br>**2. Еңбек: Ойын алаңын тазалау.**<br>**Мақсаты:** Еңбек тапсырмаларын орындауға үйрету.<br>**3. Қимылдық ойын: "Күн мен түн"**<br>**Мақсаты:** Тәрбиешінің берген белгісін тыңдай білуге жаттықтыру.<br>**4. Жеке жұмыс:** Сезімнен отбасы туралы әңгімелесу.<br>**5. Еркін ойындар.** | **1. Бақылау: Көліктерді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Көліктер туралы білімдерін жетілдіру.<br>**2. Еңбек: Тәрбиешімен бірге сынған, қураған ағаш бұтақтарын жинау.**<br>**Мақсаты:** Жұмысқа ұқыпты болуға баулу.<br>**3. Қимылдық ойын: "Тасымақ"**<br>**Мақсаты:** Жарысқа деген қызығушылықтарын ояту.<br>**4. Жеке жұмыс:** Шамильден түстерді сұрау. | **1. Бақылау: Аула тазалаушы еңбегін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Күз мезгіліндегі аула тазалаушының еңбегі туралы білімдерін тиянақтау.<br>**2. Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу.**<br>**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**3. Қимылдық ойын: "Кімнің командасы тез жинайды?"**<br>**Мақсаты:** | **1. Бақылау: Жаяу жүргіншілерді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяу адамдар жүретін белігі туралы білімдерін тиянақтау.<br>**2. Еңбек: Әдемі жапырақтарды бұйымдар жасау үшін жинау.**<br>**Мақсаты:** Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.<br>**3. Қимылдық ойын: "Бағдаршам"**<br>**Мақсаты:** Жолда жүру ережесін білуге, бағдаршам түсіне қарап | **1. Бақылау:Арнайы көліктерді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Арнайы көлік сөзінің мағынасын түсіндіру.<br>**2. Еңбек: Шашылған қағаз қалдықтарын шелекке салу.**<br>**Мақсаты:** Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**3. Қимылдық ойын: "Өрт сөндірушілер жаттығуда"**<br>**Мақсаты:** Баспалдыққа, жоғарыға таяқшаны тастамай міне білуге жаттықтыру.<br>**4. Жеке жұмыс:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **5. Еркін ойындар.** | Белсенділікке, берілген тапсырманы тез орындауға төсілдіру.<br>**4. Жеке жұмыс:** бұлт Әлжаннан туралы әңгімелесу.<br>**5. Еркін ойындар.** | жүруге жаттықтыру.<br>**4. Жеке жұмыс:** Інжуден өзі білетін тақпағын сұрап, айтқызу<br>**5. Еркін ойындар.** | Рахманнан күз туралы әңгімелесу.<br>**5. Еркін ойындар.** |
| **Серуеннен оралу** | Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Қолдарын дұрыс ( көбіктенгенше сабындау) жууға үйрету, құрғатып сүртуге үйрету. | | | | |
| **Түскі ас** | Үстел басына қол жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі дұрыс отырып, тұру. Тамақты ұқыпты ішу, болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету. Тамақтан кейін алғыс айтуды ұмытпауға дағдыландыру. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Ауыз қуыстарын шаю. Киімдерін ретімен шешу, ұйқыға жатқызу. | | | | |
| | "Үйшік" ертегісін оқып беру. | Жәй әуенмен ұйқыға жатқызу. | Қазақ ертегіні айтып ұйықтату. | Жәй әуенмен ұйқыға жатқызу. | Жылы сөз айтып жатқызу. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан кейін шеңберге тұрып сауықтыру жаттығуларын жасау. Беті қолдарын салқын сумен жуып, сергу. Киімін ретімен киюге үйрету. | | | | |
| **Бесін ас** | Тамақ ішу кезінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйрету. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет.** | **Сюжеттік ойын: "Шаштараз".**<br>**Мақсаты:** балаларды әдемілікке, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Адамдармен сыпайы қарым-қатынас орната білуге үйрету. | **Қимылдық ойын: "Гүлдер мен көбелектер".**<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. | **Саусақ жаттығулары: "Кірпі" жаттығуы.**<br>Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)<br>Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектерін жасайды).<br>Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарай ма? | **Сюжеттік ойын: "Дүкенші".**<br>**Мақсаты:** балаларды сыпайы қарым-қатынасқа үйрету. | **"Мен өнерлі баламын"** әнін балалармен қосылып бір-бірінен қалыспай, бірге айтуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Інжуден өткен өлеңдерді қайталап айтқызу. | Рахманнан жыл мезгілдерін сұрау. | Әлжаннан түстерді үйрету | Сезімнен қимыл-қозғалысты дамыту мақсатында жаттығулар жасау. | Шамильден "мамандық таңдау" тақырыбында әңгімелесу. |
| **Серуенге дайындық** | Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **1.Бақылау:** Жапырақтардың сарғая бастағанын бақылау. **2. Қимылдақ ойын:** «Гүл мен көбелектер». Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. **3. Еркін ойындар.** | **1. Бақылау:** Ағаштарды бақылау. **2. Қимылдық ойын:** «Қояндар секіреді». Мақсаты: балаларды бір орында сере білуге, жылдамдыққа, шырақтыққа үйрету. **3. Еркін ойындар.** | **1.Бақылау:** Кешкі ауа райын бақылау. **2. Қимылдық ойын:** «Торғайлар мен мысық». Мақсаты: балаларды дәлдікке, шапшаңдыққа үйрету. **3. Еркін ойындар.** | **1.Бақылау:** Көліктерді бақылау. **2. Қимылдық ойын:** «Өз орныңды тап». Мақсаты: балаларды есте сақтау қабілетін дамыту. **3. Еркін ойындар.** | **1.Бақылау:** Күзгі өзгерістерді бақылау. **2. Қимылдық ойын:** «Үлкен шар». Мақсаты: балаларды ойынға деген қызығушылығын арттыру. **3. Еркін ойындар.** |
| **Балалардың үйіне қайтуы.** | Ата-аналарға балаларымен сөйлеуін дамыту мақсатында жиі сөйлесіп, әңгімелесіп отыруға кеңес айту. | Балабақша тақырыбындағы тақпақты үйде де жаттатуды ата-аналарға айту. Мақсаты: тілдерін дамыту | Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді өтіну. | Ата-аналарға ұйықтар алдында ертегі оқуларын ескерту, кеңес беру. | Демалыс күндеріне сәттілік тілеу. |